

САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ

Зерттеу мақсаты: Білім алушының университеттегі білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттануы.

Жүргізілетін мониторингтің мақсаты: Білім алушының университеттегі білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану деңгейін анықтау.

Зерттеу нысаны: университеттің білім алушылары.


Зерттеу пәні: білім беру қызметтерінің сапасын және экожүйесін жетілдіру.

Социологиялық зерттеу әдісі: сауалнама.

Өткізу мерзімі: қазан-қараша 2025ж.

Білім алушыларға арналған сауалнама 20 сұрақты құрайды.

Университет бойынша жалпы 11552 студент тіркелген. Олардың ішінде **1794** білім алушы сауалнамаға қатысқан. Бұл жалпы контингенттің 15,5% құрайды.



Қатысу үлесінің 15,5% болуы студенттердің сауалнамаға қатысу белсенділігінің орташа деңгейін көрсетеді. Бұл көрсеткіш келешекте студенттердің белсенділігін арттыруға бағытталған ақпараттық жұмыс, мотивациялық шаралар және сауалнама қолжетімділігін жақсарту қажеттілігін анықтайды.

1. Өткізілетін оқу сабақтарының сапасына қанағаттанасыз ба?



Диаграмма 1. Өткізілетін оқу сабақтарының сапасына қанағаттану деңгейі.

Талдау нәтижесі бойынша:

- 57,6% - толық қанағаттанатынын білдірген;
- 21,6% - жартылай қанағаттанамын деген;
- 17,1% - қанағаттанбайтынын көрсеткен;
- 3,7% - сұраққа жауап беруге қиналатынын білдірген.

Қорытынды: бұл жоғары оқу орнының оқу процесін тиімді ұйымдастырғанын көрсеткенімен, қанағаттанбайтын және жартылай қанағаттанатын студенттердің 38,7% болуы оқу үдерісінің сапасын арттыру, сабақ өткізудің әдістерін жетілдіру және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында жұмыс жүргізудің қажеттілігін көрсетеді.

2. Алынған теориялық білім деңгейіне қаншалықты қанағаттанасыз?




Диаграмма 2. Алынған теориялық біліміне қанағаттану деңгейі.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, білім алушылардың басым бөлігі (64,4%) толық қанағаттанатынын атап өткен, 11,6% жартылай қанағаттанамын деп көрсетсе, 7,5% қанағаттанбайтынын, ал 16,5% - жауап беруге қиналатындығын білдірген.

Қорытынды: жалпы алғанда, студенттердің 76% - ы теориялық білім деңгейіне қанағаттанатынын білдіргенімен, жартылай қанағаттанатын және қанағаттанбайтын студенттердің үлесі - білім берудің мазмұнын жаңғырту, қолжетімді ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етуді және түсіндірудің тиімді әдістерін қолдануды қажет етеді.

3. Оқу пәндері силлабустарының сапасына қаншалықты қанағаттанасыз?




Диаграмма 3. Оқу пәндері силлабустарының сапасына қанағаттану деңгейі.

- 59,4% - силлабустардың сапасына толық қанағаттанатынын көрсеткен;
- 9,6% - жартылай қанағаттанатынын атап өткен;
- 20,3% - қанағаттанбайтынын көрсеткен;
- 10,7% - жауап беруге қиналған.

Қорытынды: студенттердің басым көпшілігі силлабус сапасына қанағаттанатынын көрсетеді. Дегенмен, қанағаттанбайтын және жартылай қанағаттанатынын студенттердің үлесі (29,9%) - силлабустарды мазмұндық тұрғыдан жетілдіру, пән мақсаттарының айқындығын арттыру, бағалау критерийлерін нақтылау және студентке қолжетімді әрі түсінікті форматта ұсыну қажеттілігін айқындайды.

4. Дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерінің арақатынасын бағалаңыз?




Диаграмма 4. Дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерінің арақатынасын бағалау деңгейі.

61,9% - толық қанағаттанатынын көрсеткен, **8,7%-ы** жартылай қанағаттанатынын, **24,3%** - қанағаттанбаймын деп бағаласа, **5,1%** - жауап беруге қиналған.

Қорытынды: нәтижелерге сүйенсек, студенттердің басым бөлігі университеттегі дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерінің үйлесімділігіне оң баға береді. Алайда, қанағаттанбайтын және жартылай қанағаттанатын студенттің 33% болуы - оқыту әдістерін жаңарту, интерактивті платформаларды кеңінен қолдану, практикалық бағыттағы инновациялық тәсілдерді арттыру керектігін айқындайды.

5. Бағалау жүйесінің (емтихан, аралық бақылау, тапсырма) әділдігіне қаншалықты сенесіз?



Диаграмма 5. Бағалау жүйесінің әділдігі.

Студенттердің **65,4%-ы** бағалау жүйесінің әділдігіне толық қанағаттанамын деп көрсеткен, **10,7%** - ы жартылай қанағаттанамын деген, **19,8%** - ы қанағаттанбаймын деп көрсетсе, **1,6%** - ы жауап беруге қиналғанын білдірген.

Қорытынды: жалпы алғанда студенттердің **76,1%** бағалау жүйесінің әділдігіне толық сенеді. Дегенмен, қанағаттанбаймын/жартылай қанағаттанатынын деген студенттердің 30,5% болуы бағалау критерийлерінің ашықтығын арттыру, студентке түсіндіру механизмдерін жетілдіру және бағалау нәтижелерін талқылау мүмкіндігін қамтамасыз ету қажеттілігін көрсетеді.

6. Сіз кәсіптік тәжірибелер мен тағылымдамаларды ұйымдастыруға қанағаттанасыз ба?




Диаграмма 6. Кәсіптік тәжірибелер мен тағылымдамаларды ұйымдастыруға қанағаттану деңгейі.

Студенттердің басым бөлігі (**78,4%**) кәсіптік тәжірибе мен тағылымдамалардың ұйымдастырылуына толық қанағаттанатынын көрсеткен. **8,4%** жартылай қанағаттанатынын атап өткен. Қанағаттанбайтындар үлесі төмен (**8,8%**), ал **4,4%** нақты пікір білдіруге қиналған.

Қорытынды: нәтижелерге сәйкес, студенттердің басым бөлігі кәсіптік тәжірибелердің ұйымдастырылу сапасын **78,4%** бағалайды. Сонымен қатар, белгілі бір бөлігінің (**17,2%**) қанағаттанбауы тәжірибелердің мазмұнын жетілдіру, практика базаларын кеңейту, жетекшілік ету сапасын жақсарту және тәжірибе бағдарламаларының қолжетімділігін арттыру қажеттілігін көрсетеді.

7. Тіркеу кеңсесінің және студенттерге қызмет көрсету секторының жұмыс деңгейіне қаншалықты қанағаттанасыз?




Диаграмма 6. Тіркеу кеңсесінің және студенттерге қызмет көрсету секторының жұмыс деңгейін бағалау.

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің **61,3%-ы** тіркеу кеңсесі мен студенттерге қызмет көрсету секторының жұмыс деңгейіне толық қанағаттанатынын көрсеткен. Сонымен қатар, **18,5%** тек жартылай қанағаттанатынын атап өткен, бұл қызмет сапасын одан әрі жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. **14,7%** студент қанағаттанбайтынын білдіріп, **5,5%** жауап беруге қиналған.

Қорытынды: студенттердің **61,3%-ы** тіркеу кеңсесі мен қызмет көрсету секторының жұмысын оң бағалағанымен, жартылай қанағаттанатын (18,5%) және қанағаттанбайтын (14,7%) студенттердің болуы қызмет көрсету сапасын жетілдіру, қызмет көрсету үдерісін жеделдету, ақпараттандыру деңгейін арттыру және студентке қолжетімді кері байланыс механизмдерін дамыту қажеттілігін байқатады.

8. Университеттің инклюзивті ортасы қаншалықты дамыған (мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасау)?




Диаграмма 8. Университеттің инклюзивті ортаның дамуын бағалау деңгейі.

Студенттердің басым бөлігі - **59,8%** - инклюзивті ортаның даму деңгейіне толық қанағаттанатынын білдірген. Сонымен қатар, **26,5%** студент жартылай қанағаттанатынын айтып, инклюзивті инфрақұрылымды жетілдіру, әдістемелік қолдау мен психологиялық сервис сапасын арттыру қажеттілігін көрсетеді. **11,8%** респондент қанағаттанбайтынын білдірген, бұл бағытта шешімін күтетін мәселелер бар екенін айғақтайды. **1,9%** жауап беруге қиналған.

Қорытынды: бұл университеттің қолжетімділік, тең мүмкіндік және ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдау бағытында белгілі бір жұмыстардың жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Алайда, қатысушылардың **38,3%** қанағаттанбағанын және жартылай қанағаттанатынын білдірген. Бұл студенттердің инклюзивті орта туралы ұйымдастыру жұмыстары деңгейін күшейту қажет ететіндігін көрсетеді.

9. Оқытушылар студенттерге қатысты оқытушылық этиканы сақтай ма?




Диаграмма 9. Оқытушылар студенттерге қатысты оқытушылық этиканы бағалау деңгейі.

Сауалнама нәтижелері оқытушылардың студенттерге қатысты оқытушылық этиканы сақтау деңгейі жалпы алғанда жоғары екенін көрсетеді. Респонденттердің **69,1%** бұл бағытқа толық қанағаттанатынын білдірген, бұл оқытушылардың кәсіби этика нормаларын ұстанатынын дәлелдейді.

Сонымен қатар, **11,7%** студент жартылай қанағаттанатынын айтып, кейбір жағдайларда этикалық қарым-қатынасты жақсарту қажеттігін меңзеген. **8,5%** қанағаттанбайтындар кездеседі, бұл әлі де шешім күтетін жекелеген мәселелер бар екенін көрсетеді.

10,7% жауап беруге қиналған респонденттердің болуы студенттердің бұл тақырып бойынша ақпараттануы мен түсінігін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Қорытынды: оқытушылар этиканы жалпы белгілі бір деңгейде сақтайды. Дегенмен, этикалық дағдыларды нығайту, оқытушылардың қарым-қатынаста адамгершілік талаптарын тұрақты ұстануын бақылау және студенттердің өз құқықтары туралы ақпараттану деңгейін көтеру қажеттілігі байқалады.

10. Сіз куратордың/тәлімгердің жұмысына қаншалықты қанағаттанасыз??



Диаграмма 10. Куратордың жұмысын бағалау деңгейі.

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің басым бөлігі **(62,3%)** куратордың/тәлімгердің жұмысына толық қанағаттанатынын білдірген. Бұл тәлімгерлік қызметтің жалпы тиімділігін және студенттермен жасалатын жұмыстың дұрыс жолға қойылғанын көрсетеді.

Сонымен бірге, **13,7%** респондент жартылай қанағаттанатынын айтып, тәлімгерлік қолдауды күшейту, академиялық және тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру қажеттілігін меңзейді. **21,1%** қанағаттанбайтынын көрсеткен, бұл жекелеген кураторлардың жұмысына қатысты мәселелер бар екенін айғақтайды.

2,9% жауап беруге қиналған, бұл студенттердің кураторлық қызмет туралы жеткілікті хабардар еместігін білдіруі мүмкін.

Қорытынды: Жалпы, кураторлық жұмыс оң бағаланғанымен, оның тиімділігін арттыру, студенттермен жеке жұмыс жасау сапасын күшейту және кері байланыс механизмдерін жетілдіру қажет. Студенттердің **45,7%** кураторлық жұмысты стандарттау, студентпен жеке байланыс сапасын нығайту, ақпараттық қолдауды күшейту және тәрбиелік жұмыстарды жүйелеу қажеттігін көрсетеді.

11. Сіз оқытушылардан уақтылы кері байланыс аласыз ба?




Диаграмма 11. Студенттердің оқытушылармен кері байланысын бағалау деңгейі.

Студенттердің көпшілігі **(65,7%)** оқытушылар тарапынан уақтылы кері байланыс алатынына толық қанағаттанатынын білдірген. Бұл оқу үдерісінде коммуникацияның жеткілікті деңгейде жүргізілетінін көрсетеді.

16,4% респонденттердің жартылай қанағаттануы, кейбір оқытушылардан кері байланыстың кешігуі немесе толық болмауы сияқты мәселелердің бар екенін меңзейді. **9,9%** қанағаттанбайтынын білдіріп, кері байланыс сапасын жақсарту қажеттігін айқындаған. Ал **8%** жауап беруге қиналғандар кері байланыс механизмдерінің түсініктілігін, қолжетімділігін арттыру қажеттігін білдіруі мүмкін.

Қорытынды: жалпы, студенттердің басым бөлігі кері байланыс деңгейін оң бағалайды, дегенмен оны барлық пәндер мен оқытушылар бойынша біріздендіру маңызды. Студенттердің көпшілігі (**65,7%**) оқытушылар тарапынан уақытылы кері байланыс алатынына толық қанағаттанатынын білдіргенімен, респонденттердің **26,3%** кейбір оқытушылардан кері байланыстың кешігуі немесе толық болмауы сияқты мәселелердің бар екенін меңзейді, бұл көрсеткіш кері байланыс сапасын жақсарту қажеттігін айқындайды.

12. Сіз өзіңіздің қабілеттеріңізді ашу және іске асыру шарттарына қанағаттанасыз ба?




Диаграмма 12. Студенттердің қабілеттерін ашу және іске асыру бағалау деңгейі.

Қорытынды: Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің басым бөлігі (**62,4%**) өз қабілеттерін ашуға және іске асыруға жасалған жағдайларға толық қанағаттанатынын көрсеткен. Дегенмен, университеттің студенттердің шығармашылық, академиялық және кәсіби дамуына қолайлы орта қалыптастырып отыруды қажет ететіндігін білдіреді.

Сонымен қатар, **32,1%** респондент бұл бағытта қосымша қолдау, мүмкіндік және ресурстарды кеңейту қажеттілігін меңзейді және жеке қабілеттерді дамытуда қолжетімсіз мүмкіндіктер, инфрақұрылым немесе мотивациялық қолдау жеткіліксіз екенін көрсетеді.

13. Өзіңіздің студенттік өміріңізге қанағаттанасыз ба?




Диаграмма 13. Студенттік өмірге қанағаттану деңгейі.

Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің басым бөлігі **(69%)** өздерінің студенттік өміріне толық қанағаттанатынын көрсеткенімен, университетте студенттердің **25%** әлеуметтік, академиялық және мәдени өмірін қолдауға бағытталған жағдайлардың жеткіліксіз екенін айғақтайды. Сонымен қатар, студенттік өмір сапасын арттыруға қатысты жекелеген мәселелер бар екенін меңзейді және студенттік ортада қосымша қолдау, іс-шаралар санын көбейту, инфрақұрылымды жақсарту қажеттілігін көрсетеді.

14. Оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуіне және кітапхана қорына қолжетімділікке қаншалықты қанағаттанасыз?



Диаграмма 14. Оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуіне және кітапхана қорына қолжетімділікке қанағаттану деңгейі.

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің көпшілігі **(64,2%)** оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуіне және кітапхана қорының қолжетімділігіне толық қанағаттанатынын білдірген. Алайда **29,8%** респондент кітапхана қорының жаңартылуы, цифрлық ресурстарға қолжетімділік немесе әдебиеттер саны бойынша кейбір жетілдіруді қажет ететін бағыттардың бар екенін, кітапхана қорын кеңейту, іздеу жүйесін жақсарту және оқулықтардың жеткіліктілігі мәселелерін көрсетеді.

15. Университеттің цифрлық инфрақұрылымы мен ақпараттық ресурстарына (электрондық кітапхана, онлайн платформалар, интернет, деректер базасы) қолжетімділік деңгейіне қаншалықты қанағаттанасыз?



Диаграмма 15. Университеттің цифрлық инфрақұрылымы мен ақпараттық ресурстарына (электрондық кітапхана, онлайн платформалар, интернет, деректер базасы) қолжетімділік деңгейіне қанағаттану.

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің басым бөлігі университеттің цифрлық инфрақұрылымы мен ақпараттық ресурстарына қолжетімділік деңгейі **60%** - ды

құрайтынын көрсеткен. Сонымен қатар, студенттердің **35,3%** цифрлық сервистердің тұрақтылығы, техникалық қолдау немесе интернет сапасы бойынша белгілі бір жетілдіруді қажет ететін тұстардың бар екенін көрсетеді, платформаларға кірудегі ақаулар, кейбір ресурстардың жеткіліксіздігі немесе деректер базасына қолжетімділік мәселелерін көрсетеді.

16. Университеттегі физикалық орта (аудитория, зертхана) қаншалықты қолайлы?



Диаграмма 16. Университеттегі физикалық орта (аудитория, зертхана) қолайлылығына қанағаттану деңгейі.

Респонденттердің **58,6%** бұл жағдайға толық қанағаттанатынын атап өткенімен, **37%** студент кейбір аудиториялар мен зертханаларды жаңғырту, жабдықтарды жаңарту және физикалық орта туралы ақпараттандыруды күшейту қажеттілігін білдіреді.

17. Сіз медициналық (алғашқы медициналық көмек) және психологиялық қолдау қызметтеріне қанағаттанасыз ба?




Диаграмма 17. Медициналық және психологиялық қолдау қызметтеріне қанағаттану деңгейі.

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің басым бөлігі (**66,5%**) медициналық (алғашқы медициналық көмек) және психологиялық қолдау қызметтеріне толық қанағаттанатынын білдірген. Алайда, респонденттердің **26,6%** мамандарға қолжетімділікті арттыру, кеңес беру сапасын жақсарту және жедел қызмет көрсету механизмдерін күшейту қажеттігін меңзейді.

Жалпы, медициналық және психологиялық қолдау қызметтері оң бағаланғанымен, ақпараттық таныстыруды күшейту, мамандар санын арттыру және жедел қолдау механизмдерін жетілдіру маңызды.

18. Спорттық және мәдени іс-шаралар сізді қаншалықты қанағаттандырады?




Диаграмма 18. Спорттық және мәдени іс-шараларға қанағаттану деңгейі.

Студенттердің (63%) университеттегі спорттық және мәдени іс-шараларға толық қанағаттанатынын көрсетеді. Бұл студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасалғанын және іс-шаралардың белсенді өткізіліп отырғанын айғақтайды. 16,4% респондент жартылай қанағаттанатынын айтып, іс-шаралардың әртүрлілігін арттыру немесе қолжетімділігін жақсарту қажеттілігін меңзейді. 10,5% қанағаттанбайтындар бар, бұл ұйымдастыру сапасы, ақпараттандыру немесе инфрақұрылымға қатысты мәселелердің бар екенін көрсетеді. 10,1% жауап беруге қиналған, бұл студенттердің іс-шаралар туралы хабардарлық деңгейін күшейту қажеттігін білдіреді.

Жалпы, спорттық және мәдени іс-шаралар оң бағаланғанымен, олардың санын арттыру, форматын әртараптандыру және студенттердің қатысу мүмкіндігін кеңейту ұсынылады.

19. Кампуста қауіпсіздік деңгейіне қаншалықты қанағаттанасыз?



Диаграмма 19. Кампустың қауіпсіздігіне қанағаттану деңгейі.

Респонденттердің 59,1% кампустағы қауіпсіздік деңгейіне толық қанағаттанатынын білдірген. Алайда, 37,4% кейбір аймақтарда бақылау, қауіпсіздік пен тәуліктік мониторингті күшейту қажеттілігін және күзет қызметі, бейнебақылау жүйесіне қатысты жұмыстарды күшейту қажеттігін көрсетеді.

20. ЖОО әкімшілігі тарапынан білімгерлерге көрсетілетін қолдауға қаншалықты қанағаттанасыз?




Диаграмма 20. Білімгерлерге көрсетілетін қолдауға қанағаттану деңгейі.


Нәтижелерге сәйкес, студенттердің **61,9%** университет әкімшілігі тарапынан көрсетілетін қолдауға толық қанағаттанатынын білдірген. Дегенмен, **29,9%** респондент әлеуметтік мәселелерді шешу тетіктері және студентпен тұрақты байланыс сапасын жетілдіру қажеттілігін және студентті қолдау түрлерінің шектеулі болуы немесе ресми қолдау процестердің күрделілігі сияқты мәселелердің бар екеніне назар аударуды қажет етеді.

ӘЛЕУМЕТТІК САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына және Дулати университетінің экожүйесіне қанағаттану дәрежесі, %

№	Толық қанағаттанамын	Жартылай қанағаттанамын	Қанағаттанбаймын	Жауап беруге қиналамын
	1	2	3	4
1.	57,6%	21,6%	17,1%	3,7%
2	64,4%	11,6%	7,5%	16,5%
3	59,4%	9,6%	20,3%	10,7%
4	61,9%	8,7%	24,3%	5,1%
5	65,4%	10,7%	19,8%	4,1%
6	78,4%	8,4%	8,8%	4,4%
7	61,3%	18,5%	14,7%	5,5%
8	59,8%	26,5%	11,8%	1,9%
9	69,1%	11,7%	8,5%	10,7%
10	62,3%	13,7%	21,1%	2,9%
11	65,7%	16,4%	9,9%	8,0%
12	62,4%	13,7%	18,4%	5,5%
13	69,0%	12,8%	12,2%	6,0%
14	64,2%	18,9%	10,9%	6,0%
15	60,0%	21,6%	13,7%	4,7%
16	58,6%	21,8%	15,2%	4,4%
17	66,5%	8,6%	17,0%	7,9%
18	63,0%	16,4%	10,5%	10,1%
19	59,1%	21,3%	16,1%	3,5%
20	61,9%	17,5%	12,4%	8,2%
	1270	310	290	128
	63,5%	15,5%	14,5%	6,5%
	79 %		14,5%	6,5%

Білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына және Дулати университетінің экожүйесіне қанағаттану деңгейі көрсеткіштері (%) қараша 2025ж.)



Қорытынды: Жүргізілген сауалнама нәтижелері университеттегі білім беру сапасы, студенттік өмір, инфрақұрылым және қолдау қызметтеріне жалпы деңгейде студенттердің салыстырмалы жоғары дәрежеде қанағаттанатынын көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі алынған теориялық біліміне қанағаттану, кәсіптік тәжірибелер мен тағылымдамаларды ұйымдастыруға қанағаттану деңгейін, спорттық-мәдени іс-шаралар, кітапхана қорына қолжетімділік деңгейлерін оң бағалады.

Студенттердің едәуір бөлігі өз қабілеттерін ашу, студенттік өмір сапасы, ақпараттық қолжетімділік, аудиториялық жағдайлар мен зертханалардың жарақтандырылуы бойынша қолайлы пікір білдірген. Бұл университет тарапынан академиялық, әлеуметтік және мәдени қолдау механизмдерінің жүйелі түрде іске асырылып отырғанын білдіреді.

Сонымен қатар, сауалнама сұрақтарына жартылай қанағаттанған және қанағаттанбаған студенттердің де көп болуы — қолданыстағы қызметтер мен процестерді жетілдіру қажеттілігін айқындайды. Негізгі мәселелер ретінде төмендегі бағыттарды атап көрсетуге болады:

- ақпараттандырудың жеткіліксіздігі;
- жекелеген қызметтердің қолжетімділік деңгейі;
- инфрақұрылымды жаңарту қажеттілігі;
- психологиялық және медициналық көмекті күшейту;
- кері байланысты біріздендіру.

Жауап беруге қиналған студенттер үлесінің болуы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын арттырудың маңызын көрсетеді.

Жалпы алғанда, сауалнама университеттің сапа мәдениеті қалыптасқанын, студентке бағытталған қызметтер жүйесінің жұмыс істейтінін және қолдау ортасының дамығанын дәлелдейді. Дегенмен, тұрақты жетілдіру тұстарын назарда ұстау маңызды.

Ұсыныстар:

Ақпараттық қолжетімділікті арттыру:

- сервистердің жұмыс регламентін жариялау.

Оқытушылық кері байланысты жүйелеу:

- кері байланыс беру мерзімдерін бекіту;

- әдістемелік қолдауды күшейту.

Кураторлық қызметтің тиімділігін арттыру:

- студенттермен жеке жұмыс форматын көбейту;
- тәлімгерлік тренингтер ұйымдастыру.

Цифрлық инфрақұрылымды жаңғырту:

- платформа қолжетімділігін тұрақтандыру;
- деректер базасына кіруді оңтайландыру.

Физикалық инфрақұрылымды жетілдіру:

- аудиториялар мен зертханаларды кезең-кезеңімен жаңарту;
- зертханалық жабдықтарды толықтыру.

Медициналық және психологиялық қолдауды күшейту:

- қабылдау уақыттарын кеңейту;

Кампустық қауіпсіздік деңгейін арттыру:

- бейнебақылау нүктелерін кеңейту;
- тәуліктік мониторингті күшейту.